

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторант Жақсылышқұрметтік Әлихан Алтынханұлының «Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми жарияланымдар ретракциясы: проблемаларды талдау және оларды шешу жолдары» тақырыбына дайындылған мақалалар сериясы нысанында диссертацияға ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Р/Н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертациялық зерттеу тақырыбы (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертациялық зерттеу мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертациялық зерттеу басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы)</p> <p><u>3) Диссертациялық зерттеу Қазақстан</u></p>	<p>Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасы Укіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен келесі ғылым дамуының басым бағытына сәйкес:</p> <p>«Өмір және денсаулық туралы ғылым». Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы» мен «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамаларына» сәйкес.</p>

		<p><u>Республикасының</u> <u>Үкіметі жаңындағы</u> <u>Жоғары ғылыми-</u> <u>техникалық</u> <u>комиссия бекіткен</u> <u>ғылым дамуының</u> <u>басым бағытына</u> <u>сәйкес (бағытын</u> <u>көрсету)</u></p>	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u>/коспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.</p>	<p>Рецензияланған жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады және оның маңыздылығы жақсы ашылған.</p> <p>Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми басылымдардың тартылуы барған сайын маңызды мәселеге айналуда. Ғылыми жарияланымдар білімді таратудың және ғылымды дамытудың негізгі көзі болып табылады, ал денсаулық сақтау саласында зерттеу нәтижелері адамдардың денсаулығы мен өміріне тікелей әсер етеді. Алайда, жарияланымдар санының артуымен және ғалымдар арасындағы бәсекелестіктің күшеюімен этикалық бұзушылықтардың саны артып, кері кетуге әкеледі. Ретракциялар шығармалары кері қайтарылатын жеке авторларға да, бүкіл ғылыми қауымдастыққа да зиян тигізеді. Олар ғылыми нәтижелерге деген сенімге нұқсан келтіреді, ғалымдар мен ғылыми мекемелердің беделіне теріс әсер етеді, сонымен қатар, ауыр қаржылық және заңды салдарға әкелуі мүмкін. Осыланысты жетекші ғылыми журналдар мен академиялық мекемелер зерттеу</p>

			<p>және баспа этикасын бұзудың алдын-алу шараларын әзірлеуде белсенді жұмыс істейді.</p> <p>Ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру және жарияланған деректердің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін ретракция тақырыбын өзекті етеді. Ғылыми қызметте этикалық бұзуышылықтардың алдын-алудың тиімді шараларын әзірлеу және енгізу осы мақсатқа жетудің негізгі қадамдары болып табылады. Осылайша, Жақсылық Әлихан Алтынханұлының диссертациялық зерттеу халықаралық деңгейде ғылыми жарияланымдардың ретракцияларының көбеюіне байланысты өзекті болып табылады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p><u>1) жоғары;</u></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертациялық зерттеуді орындау барысында ізденуші өзі жазудың жоғары деңгейін көрсетті. Диссертациялық зерттеуді ұйымдастырудың барлық кезеңдеріне белсенді қатысты, сонымен қатар, жоғары рейтингі бар халықаралық рецензияланған журналдардағы жарияланымдарда 4 мақаланың 2-еуінде докторант алғашқы авторы болып табылады, бұл оның жұмыстың осы бөліміне қосқан елеулі улесін көрсетеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертациялық зерттеу өзектілігі нақты негіздемеге ие. Диссертациялық зерттеудің ұсынылған өзектілігі толығымен негізделген және уақыт талабына сәйкес келеді.</p> <p><u>1) негізделген;</u></p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу өзектілігі нақты негіздемеге ие. Диссертациялық зерттеудің ұсынылған өзектілігі толығымен негізделген және уақыт талабына сәйкес келеді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p><u>1) айқындайды;</u></p>	<p>Жарияланған 5 мақала толығымен диссертациялық зерттеудің тақырыбын ашады және айқындайды.</p> <p>Докторант 4 мақаласын Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) мәліметтері бойынша</p>

	<p>2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды</p>	<p>Q1 квартиліне кіретін «Journal of Korean Medical Science», «Analysis of Retracted Publications in Medical Literature Due to Ethical Violations», «Characteristics of Retracted Publications From Kazakhstan: An Analysis Using the Retraction Watch Database», «Research Integrity: Where We Are and Where We Are Heading», «YouTube as a Source of Information on Public Health Ethics» тақырыптарында жариялаған. Сонымен қатар, 1 мақала ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналда «Анализ базы данных Retraction Watch по ретрагированным медицинским статьям из Казахстана» тақырыбында жарияланған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері Диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Докторанттың диссертациялық зерттеу жұмысына диссертациялық зерттеу тақырыбының мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкестігі байқалады.</p> <p>Сонымен, «Analysis of Retracted Publications in Medical Literature Due to Ethical Violations» тақырыбындағы мақала бірінші және үшінші міндетке сәйкес келеді;</p> <p>- «Characteristics of Retracted Publications From Kazakhstan: An Analysis Using the Retraction Watch Database» және «Анализ базы данных Retraction Watch по ретрагированным медицинским статьям из Казахстана» мақалалары екінші және үшінші міндетке сәйкес келеді;</p> <p>- «YouTube as a Source of Information on Public Health Ethics» мақаласы төртінші міндетке сәйкес келеді;</p> <p>- «Research Integrity: Where We Are and Where We Are Heading» мақаласы бесінші міндетке сәйкес келеді;</p>

	<p>4.4. Диссертациялық зерттеудің барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p><u>1) толық байланысқан;</u></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің өзара байланысы мен логикалық тұгастығы барлық кезеңдерде және жарияланған барлық ғылыми мақалаларда сақталған. Әр мақала алдыңғы мақаланың толықтырушысы және жалғасы болып табылады. Әдебиеттерді және дереккөздер талдауға сынни тәсілді қолданған, бұл өз кезегінде зерттелген мәселені мүмкіндігінше объективті түрде жарықтандыруға мүмкіндік берді. Зерттеуге қолданылған барлық деректер сенімді көздерден алынды, ғылыми мақалаларда жарияланған нәтижелер халықаралық журнал сарапшыларының қос рецензиялауынан (соқыр) етті.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><u>1) сынни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертант ұсынып отырған жаңа шешімдер мен қағидаттар дәлелденіп, сынни талдау жүргізілген.</p> <p>Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми жарияланымдар ретракциясын талдауда, оны шешу жолдарын ұсынуда зерттеудің қағидаттары мен жаңа деректері ғылыми түрғыдан дәлелденіп, ғылыми-әдеби шолу жасауда және өзіндік зерттеулерде бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып сныи талдау жасау арқылы бағаланған.</p>	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p>	<p>Диссертациялық зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылған ережелер толығымен жаңа болып табылады және қоғамдық денсаулық сақтауға бағыты бойынша жаңа шешімдерді ұсынады.</p>

	<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген түжірымдар диссертациялық жұмысқа қойылатын ғылыми жаңалық дәрежесіне ие. Диссертациялық зерттеудің қорытындылары толығымен жаңа және қойылған міндеттермен толығымен сәйкес келеді.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық және басқару шешімдері жаңа және негізделген.</p> <p>Жүргізілген ғылыми зерттеу барысында диссидентант «Ретракцияларға әкелетін этикалық нормалардың бұзылу себептерін талдау. Ғылыми зерттеулердің этикасын жетілдіру бойынша ұсынымдар» тақырыбындағы әдістемелік нұсқаулығын ұсынған, ҚР ДСМ Ғылым және адами ресурстар департаменті (Енгізу акті, 2024 ж.), «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ (Енгізу акті, 2024 ж.), «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ (Енгізу акті, 2024 ж.), «М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КЕАҚ (Енгізу акті, 2024 ж.), «Астана медициналық университеті» КЕАҚ (Енгізу акті, 2024 ж.) білім беру және ғылыми жұмыс үрдісіне енгізген.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Қорытындылар ғылыми жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес қазіргі ғылыми парадигмаға негізделген. Диссертациялық зерттеудің ғылыми ақпараты кәсіби түрде құрылған және логикалық қайшылықтары жоқ.</p>
7.	Корғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелдендіме?</p> <p><u>1) дәлелдені;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; <u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; <u>3) кен</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы корғауға ұсынылатын негізгі ережелер жаңа әрі дәлелденген, сонымен қатар деңсаулық сақтау саласы бойынша ғылыми зерттеуде қолдану мүмкіндігіне ие.</p> <p>Диссиденттүң жұмысының негізгі ережелері Web Of Science базасына кіретін журналда, KР FжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналда, халықаралық конференциялар мен форумдарда жинақтарында жарияланған ғылыми мақалалармен дәлелденген. Тәжірибелік түрғысынан қолдану саласы кең және жаңа.</p>

8.	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <u>1) ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу әдістемесін таңдау және оларды қолдану мақалаларда кең және егжей-тегжейлі сипатталған. Диссертациялық жұмыста қолданылған әдістері заманауи және жалпы қабылданған.</p> <p>Сонымен қатар, зерттеу әдістері және орындау сатылары зерттеу дизайнында негізделген және бірізділікпен баяндалған ол диссертациялық жұмыстың негізгі міндеттерін тиімді шешуге әкеледі.</p> <p>Зерттеу жұмыстарын жүргізуіді жоспарлау және іске асыру жергілікті этикалық комитеттің оң пікірімен мақұлданған.</p>
		<p>8.2 Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алғынған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу барысында докторант заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, деректерді өңдеудің статистикалық әдістерін (SPSS қолданбалы бағдарламалар пакеті, 26.0 (IBM) нұсқасы) қолдана отырып, ең жаңа ғылыми әдістерді қолданды, бұл барынша объективті нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандалықтар</p>	<p>Теориялық тұжырымдар, анықталған қатынастар мен зандалықтар статистикалық көрсеткіштердің есептеулерімен дәлелденді және расталды. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми-практикалық конференциялар мен форумдарда ұсынылған.</p>

		<p>эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындауда маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертациялық зерттеудің теориялық манызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің теориялық манызы бар, ұсынылған нәтижелер деңсаулық сақтау саласындағы ғылыми жарияланымдардың этикалық деңгейін арттыруға, ғылыми зерттеулердің сапасын жақсартуға, ретракцияның алдын алуға және ғылыми жұмысқа деген сенімді сақтауға мүмкіндік береді.</p>

	<p>9.2 Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі ете жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі ете жоғары.</p> <p>Өйткені, диссидент зерттеу нәтижелері бойынша 2024 жылы «Ретракцияларға әкелетін этикалық нормалардың бұзылу себептерін талдау. Ғылыми зерттеулердің этикасын жетілдіру бойынша ұсынымдар» тақырыбындағы әдістемелік нұсқаулығын КР ДСМ Ғылым және адами ресурстар департментіне, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ, «М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КЕАҚ, «Астана медициналық университеті» КЕАҚ, «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» АҚ оқу үрдісіне енгізген және ғалымдар мен жоғары оқу орындарына осы зерттеу нәтижелерін өздерінің ғылыми зерттеулерінде пайдалануды ұсынатыны туралы КР ЕжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің хатымен расталған.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Академиялық жазудың сапасы жоғары, себебі диссертациялық жұмыс диссертация мазмұнына сәйкес келетін Clarivate Analytics (Кларивейт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші квартильге (Q1) кіретін басылымдарда үш мақала және бір шолу жариялаған. Мақаланың екеуінде диссиденттант бірінші автор.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Ғылыми жұмыстар жоғары деңгейде жазылған, кейбір сұрақтарды атап өткім келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстанда ретракцияланған мақалалар арасында «этикалық макұлдау мәселелері» мен «күмәнді деректер» жоғары көрсеткішін немен байланыстырысыз? 2. Нәтижелер қол жетімді болғаннан кейін деректермен немесе әдістермен манипуляция жасауды болдырмау үшін зерттеушілер өз зерттеулерін, оның ішінде гипотезалар мен әдістерді алдын ала тіркеуді үшін Қазақстанда зерттеулерді алдын ала тіркеуді зерттеуді және енгізуі жоспарлайсыз ба?
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<p>1. Мақала: «Этикалық бұзушылықтарға байланысты медициналық әдебиеттердегі ретракцияланған жарияланымдарды талдау»</p> <p><u>Ғылыми деңгейі:</u> Мақалада алғаш рет Retraction Watch деректер базасын пайдалана отырып, қазақстандық авторлардың ғылыми жарияланымдарының ретракцияларын талдау ұсынылған. Жұмыс Денсаулық сақтауды қоса алғанда, әртүрлі пәндер бойынша көрі қайтарылған барлық жарияланымдарды сандық және сапалық талдауға негізделген. Ғылыми жаңалық ретракциялардың себептерін жүйелеу және негізгі этикалық бұзушылықтарды анықтау болып табылады, бұл осы мақаланың Қазақстандағы ғылыми этиканың дамуына құнды үлес қосуын көрсетеді.</p> <p>2. Мақала: «Қазақстаннан ретракцияланған жарияланымдардың сипаттамалары: Retraction Watch деректер базасын қолдану арқылы талдау»</p> <p><u>Ғылыми деңгейі:</u> Бұл мақала Retraction Watch деректер базасы негізінде Қазақстаннан ғылыми жарияланымдарының ретракцияларының</p>

сипаттамаларына терең талдау нәтижесін ұсынған. Онда басылым түрлери, бірлескен авторлар, ретракция себептері және басқа факторлар зерттелген. Мақала проблеманың ұлттық деңгейде маңыздылығын көрсетеді және Қазақстанның ғылыми зерттеулерінде этикалық стандарттарды жақсарту қажеттігін атап көрсетеді. Жұмыс жоғары ғылыми жаңалығымен және әдіснамалық қатаңдығымен ерекшеленеді және ретракция тақырыбына маңызды үлес қосады.

3. Мақала: «Әлеуметтік медианы қоғамдық денсаулық сақтау этикасының көзі ретінде бағалау»

Ғылыми деңгей: Мақала YouTube әлеуметтік желісін Денсаулық сақтау мәселелері бойынша ақпарат көзі ретінде зерттеуге бағытталған. Бұл платформада ұсынылған материалдардың ғылыми зерттеулерді қабылдауға әсері түрғысынан қаншалықты сенімді және этикалық екенін талдаудың бірегей әрекеті. Бұл тәсіл медиа кеңістіктең ғылыми этиканы зерттеу саласында жаңа бағыт ашады және ғылыми қоғам үшін жоғары өзектілікті ұсынады.

4. Мақала: «Зерттеудің тұгастығы: Біз қайдамыз және Біздің бағытымыз»

Ғылыми деңгей: Бұл мақалада ғылыми жарияланымдардың этикалық стандарттарын жақсартуға бағытталған ұсыныстар берілген. Алғаш рет халықаралық тәжірибе мен қазақстанның жағдайды талдауға негізделген нақты стратегиялар ұсынылған. Бұл зерттеу ғылыми жарияланымдардың сапасын жақсарту және ретракцияның алдын алу үшін жоғары тәжірибелік маңыздылыққа ие.


5. Мақала: «Қазақстанның ретракцияланған медициналық ғылыми мақалалар бойынша Retraction Watch деректер базасын талдау»

Ғылыми деңгей: Бұл мақалада алғаш рет қазақстанның авторлардың ретракцияланған медициналық мақалаларына жүйелі талдау жүргізілді. Мақала плағиат, жалған шолу және этикалық мақұлдаудың болмауы сияқты кері кетудің себептерін бағалайды, бұл медицинадағы басылымдардың сапасын бақылауды жақсарту қажеттілігін көрсетеді. Бұл жұмыстың қазақстанның ғылыми қоғамдастық үшін маңызы зор, себебі мұнда жарияланымдарды тексерудің этикалық стандарттары мен рәсімдерін жетілдіру жолдарын ұсынған.

13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі:</p> <p>1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ жаңындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда) немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау (ерекше мәртебесі жоқ ЖЖОКБҰ жаңындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда);</p> <p>2) егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінara сәйкес келсе және (немесе) онда түзетуді талап ететін ескертулер болса, диссертацияны пысықтауға жіберу. Диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын жағдайда диссертация пысықтауға жіберілмейді;</p> <p>3) егер академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңашылдық, ішкі бірлік және дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген болса, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.</p>	<p>Жақсылық Әлихан Алтынханұлының «Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми жарияланымдар ретракциясы: проблемаларды талдау және оларды шешу жолдары» тақырыбындағы рецензиялауга ұсынылған диссертациялық зерттеуі ішкі бірлік, практикалық құндылық, ғылыми жаңалық, сенімділік және академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, толық аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.</p> <p>Философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге даярланған диссертациялық зерттеу жұмысы «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бүйіркүйінде талаптарына сәйкес келеді. Ал, ізденуші Жақсылық Әлихан Алтынханұлының өзі 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.</p>
-----	---	---

Ресми рецензент:

PhD, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, АИТВ-инфекциясы курсы бар эпидемиология кафедрасының доценті



Изекенова А.К.